



ТҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

№8
(2283)
Сәрсенбі
29 қаңтар
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

СЫР ЕЛІНІҢ ЭКОНОМИКАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Қызылорда облысында жыл қортындысымен барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев атап өтті.

«Аймақтың экономикалық өсімі 7 пайызды құрады (2023 жылы – 107,3%). Өзіңіздің, Үкіметтің қолдауымен облысымыздың бюджеті 750 млрд. теңгеден асты.

Экономиканың негізгі үлесін алатын мұнай қорының 15 жылдан астам уақыттан бергі төмендеу тенденциясын ескеріп, өңдеу өнеркәсібі мен



аграрлық саланы жедел дамытумен қатар, мұнай-газ өңдеу са-

ласын да өркендетудеміз.

Жаңа кен орындарын ашу

үшін геологиялық зерттеулер жүргізіліп, мұнайдың төменгі қабаттары игерілуде. Кен орындарында 5 500 метр тереңдікке дейін (скважина) бұрғылау, дәстүрлі емес (қара тақтас мұнай) көмірсутекті игеру басталды», – деді Н.Нәлібаев.

Өңірде негізгі капиталға 640 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 21,7 пайыз болды (республиканың орташа көрсеткішінен 14 пайызға жоғары, ҚР – 107,5%). Оның 70,5 пайызы – жеке инвестиция. Шетел инвесторларымен нәтижелі жұмыстың арқасында 9 ай қортындысымен 171 млн. АҚШ доллары көлемінде тікелей инвестиция тартылды. Өсім – 16,6 пайыз.

ҚЫЗЫЛОРДАДА АУҚЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев баяндама жасап, өңірдегі инвестициялық жобалар туралы айтты.

Экономиканы

әртараптандыруда 2024 жылы аймақта 37 млрд. теңгенің 21 инвестициялық жобасы іске қосылды.

Негізгі капиталға 640 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 21,7 пайызды құрады (республиканың орташа көрсеткішінен 14 пайызға

жоғары, ҚР – 107,5%). Оның 70,5 пайызы – жеке инвестиция. Шетел инвесторларымен нәтижелі жұмыстың арқасында 9 ай қортындысымен 171 млн. АҚШ доллары көлемінде тікелей инвестиция тартылып, өсім 16,6 пайызға жеткен.

2025-2029 жылдары аймақта құны 1 трлн. 900 млрд. теңге болатын 65 инвестициялық жоба іске асырылып, 8 100 жаңа жұмыс орны ашылады. Ел Президентінің тікелей қолдауының арқасында және Қатар мемлекетіне жасаған іссапары қортындысымен өңірде 800 млрд. теңгенің, қуаттылығы 1 100 мегаваттық бу-газ қондырғысының жобасы қолға алынады. Қазіргі таңда жер беріліп, техника-экономикалық негіздемесі әзірленуде.

Биыл «Шалқия» қорғасын-мырыш кенішін қайта жаңғырту үшін құны 215 млрд. теңге

болатын жаңа кен байыту комбинатының, 147 млрд. теңгеге жылына 300 мың тонна кальцийленген сода шығаратын зауыт құрылысы басталады. Сондай-ақ, 62 млрд. теңгеге қуаттылығы 201 мегаваттық 5 күн және 1 жел электр станциясы іске қосылады.

Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Қазақстан – Германия, Қазақстан – Корея форумдарында қол қойылған меморандумдарға сәйкес, 31 млрд. теңгеге «Хорн» неміс технологиясы бойынша жылына 220 млн. дана шыны бөтелке шығаратын, 19 млрд. теңгеге корейлік «With You E&C Kyzylorda» компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтар өңдейтін зауыттарының құрылысы басталады.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

«ЖЕҢІС» САЯБАҒЫ АБАТТАНДЫРЫЛУДА

Бытыр қыркүйек айында аудан орталығындағы 40 жылдық тарихы бар «Жеңіс» саябағын абаттандыру арқылы Қазалы мәдени-демалыс кешеніне айналдыру жұмыстары басталған болатын. Биылда саябақты абаттандыру жұмыстары жалғасып, мамыр айында пайдалануға беру жоспарлануда.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет тиісті сала басшылары және абаттанды-

ру жұмыстарымен айналысып жатқан мердігер мекемелердің басшыларымен бірге «Жеңіс» саябағына барып, ондағы жоспарланған жұмыстарды талқылады.

Саябақта «Даңқ», «Тағзым», «Киелі қазақ елі», «Жастар» аллеялары және отбасылық мейрамханалар, түрлі тамақтану, демалыс орындары, спорт және балалар ойын алаңдарын салу жоспарланған. Бүгінде бұл

нысандардың бірқатарының құрылыс жұмыстары басталған. Сонымен қатар, кешенде аквапарк және жабық бассейн салынууда.

Аудан әкімі мұндағы жоспарланған жұмыстар толық аяқталғаннан кейін мәдени-демалыс кешені аудан тұрғындарымен қатар көршілес аудандардың да халқының сүйікті демалыс орнына айналатынын айтып, жұмыстарды

жеделдетуді тапсырды. Сондай-ақ мұндағы әрбір жұмыс күнделікті бақылауында болатынын айтып, жұмыстың ең әуелі сапасына мән беруді тапсырды.

Айта кетейік, Қазалы ауданының орталығы - Әйтеке би кентінде орналасқан «Жеңіс» саябағы облыс аумағындағы көлемі жағынан ең үлкен 20 гектар болатын саябақтардың бірі.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Осы бағытта 2024 жылы Департаментке барлығы 279 жолданым түсіп, мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен 138 жолданым қаралған, оның ішінде 48-і өз құзыреті шегінде қаралса, 84-і басқа органдарға өз құзыреті шегінде қарау үшін жолданды, 6-уы өтініш иесінің өтініші бойынша қараусыз қалдырылды.

Қаралған 48 жолданымның 22 бойынша қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес түсіндірме берілді, 26 жолданым бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен барлығы 48 тексеру жүргізілді, оның ішінде 11 жоспарлы және 37 жоспардан тыс тексеру. Нәтижесімен, барлығы 439 бұзушылық анықталып, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама бұзушылықтарын жою туралы мемлекеттік органдарға 11 нұсқама және 19 ұсыну енгізіліп, олардың барлығы толық орындалды.

Мысалы, Департаменттің қарауына түскен Қызылорда қаласы тұрғынының шағымы негізінде Қызылорда қаласының әкімдігіне қарасты дербес бөлімнің басшысының әрекетіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Өз кезегінде, шағым иесі дербес бөлімінің басшысы өзінің тұрғын үйінің алдына келіп, полиция қызметкерінің бейнежетонын өзінің омырауына тағып, жазба жүргізгені үшін заң аясында шара көруді сұраған. Аталған уәждерді нақтылау мақсатында бөлім басшысынан түсініктеме алынып, онда ол қала тұрғынының шағымында көрсетілген уәждермен келіспейтінін көрсеткен. Осыған байланысты, шағымда көрсетілген уәждер бойынша Қызылорда облысының полиция департаментінен ақпарат сұратылды.

Сәйкесінше, Қызылорда қаласының полиция басқармасының жауабында жергілікті полиция қызметі бөлімінің учаскелік полиция инспекторына қатысты қызметтік тергеу жұмыстары жүргізіліп, оның тарапынан бейнежазба жасайтын өзіне бекітілген бейнежетонды әкімшілік қызметкерге бергені анықталып, оған қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылғаны хабарланды.

Кодекстің 6-тармағының 4) тармақшасында мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы тиіс делінген талаптар қойылған.

Дегенмен, дербес бөлімінің басшысы полиция қызметкерінің бейнежетонын өзінің омырауына тағып, жазба жүргізу әрекетімен қала тұрғынының тарапынан сынға себепкер болған. Яғни, тексеру барысында жинақталған құжаттармен және дәлелдермен бөлім басшысының мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі талаптарының бұзылуына жол бергендігі анықталды.

Аталған факті бойынша бөлім басшысына қатысты тәртіптік іс қозғалып, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Қызылорда қаласы әкімінің өкімімен оған қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды. Осылайша, Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде қала тұрғынының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, Де-

партаментпен мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Талдаудың нәтижесімен 7 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың күші жойылып, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында мониторинг жүргізіліп, нәтижесімен 52 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға қосымша демалыс күндері немесе сағаттары берілді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтардың, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылмауын қадағалайтын болады.

Е.Ж.МЕНДАЛИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің
Қызылорда облысы
бойынша департаментінің
басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңестің
төрағасы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2024 ЖЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАРҒА КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен (бұдан әрі - Департамент) облыс көлеміндегі мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылары мен тапсырыс берушілері тарапынан мемлекеттік сатып алу заңнамасы талаптарының сақталуына камералдық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Камералдық бақылаудың мақсаты бұзушылықтардың уақытылы жолын кесу және жол бермеу, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын мемлекеттік аудит объектісін беру және мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені төмендету болып табылады.

Департаментпен 2024 жылы 22 961 лот сомасы 811 млрд 256 млн. теңге құрайтын мемлекеттік сатып алулар камералдық бақылаумен қамтылып, оның ішінде 2886 лот сомасы 19 млрд 705 млн. теңгеге немесе барлық қаралған лоттардан 12,6 % құрайтын сатып алулар бойынша бұзушылықтар анықталды. Айта кету керек, 2023 жылдың қортындысы бойынша аталған көрсеткіш 10,79% құраған. Яғни, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар тарапынан 2024 жылы мемлекеттік са-

тып алу заңнама талаптарының бұзылуы жоғарылаған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңымен белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың шешімдеріне әлеуетті өнім берушілер веб-портал арқылы шағымдану құқығын пайдалана отырып, 4 064 шағым беру арқылы жүзеге асырған. Аталған шағымдарды қарау нәтижесінде 835 шағымда (20,6%) көрсетілген уәждер өз дәлелін тапқан, 1 610 шағымда (39,6%) көрсетілген уәждер ішінара өз дәлелін тапқан, ал 1 619 шағымданушының (39,8%) уәждері дәлелін таппады.

Есепті кезеңде Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жоюға 2 774 хабарлама жолданды (1 бағыт бойынша – 14 хабарлама, 2 бағыт бойынша – 1 хабарлама, 4 бағыт бойынша – 1739 хабарлама, бір көзден сатып алу бойынша – 549 хабарлама, баға ұсынтаынын сұрату сатып алуы бойынша – 361 хабарлама, қосымша келісім бойынша – 110 хабарлама). Бұл жерде ең көп бұзушылықтар мемлекеттік сатып алу конкурсы тәсілінің 4 бағытында (1739 хабарлама), бір көзден сатып алуда (549 хабарлама), баға ұсынтаынын сұрату сатып алуда (361 хабар-

лама), қосымша келісім жасау (110 хабарлама) барысында орын алған.

Камералдық бақылаумен анықталған негізгі бұзушылықтар:

- Тапсырыс берушілермен артық талап қою арқылы мемлекеттік сатып алуға қатысушы барлық әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндік беру принципінің бұзылуымен мемлекеттік сатып алуларды жариялау;

- Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленбеген құжаттарды әлеуетті өнім берушілерден талап ету немесе рұқсаттармен хабарламалар туралы заңнамасының талаптарын бұзу (лицензия қажет етілетін қызметтер мен жұмыстарға хабарландыру жариялау барысында тиісті рұқсатты немесе хабарламаны талап етпеу);

- Заңда көрсетілмеген негіздер бойынша бір көзден сатып алу жүргізу немесе бір көзден сатып алулар рәсімдері бойынша заңнама талаптарын сақтамау;

- Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін дұрыс қолданбау, техникалық ерекшелікті бір тілде жасау, стандарттар көрсетпеу, қосымша келісім-шарт жасау талаптарын орындамау, тағы да басқалар.

- Қосымша келісім-шарт жасау талаптарын бұзу (бірлік баға, үнемдеу).

Мемлекеттік сатып алу саласында бұзушылықтарға жол берілсе және Департаментпен жолданған хабарламалар орындалмаса, не тиісті түрде орындалмаса Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 05 шілдедегі Кодексінің 207 және 462 баптарына сәйкес тиісті лауазымды тұлғаларға әкімшілік жауапкершілік қаралған.

Осы тұрғыда лауазымды тұлғаларға қатысты 105 әкімшілік хаттама толтырылды, оның ішінде ӘҚБТ кодесінің 207 бабымен – 59 хаттама, 462 баптың 3 бөлігімен – 46 хаттама (207/1 – 28 хаттама, 207/3 – 4 хаттама, 207/5 – 5 хаттама, 207/7 – 7 хаттама, 207/8 – 1 хаттама, 207/10 – 1 хаттама, 207/11 – 10 хаттама, 207/18 – 3 хаттама, 462/3 – 46 хаттама).

Өз кезегінде, Департамент тарапынан камералдық бақылауды уақытылы және сапалы жүргізу бойынша жұмыс одан әрі жалғасуда.

Т.АБЕНОВ,
Қызылорда облысы
бойынша Ішкі мемлекеттік
аудит департаменті
басшысының
орынбасары

ЖЫЛ ІШІНДЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР БАЯНДАЛДЫ

Қазалы ауданының әкімдігінің залында брифинг өткізілді. БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен брифингте алдымен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Совет Бабанаев 2024 жылы атқарылған жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

-2024 жылы 4486 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланып, 4609-ға орындалды. Жылдың қортындысымен жұмыссыздар саны 938 адам, ресми жұмыссыздық деңгейі 2,7 пайыз. Оның ішінде: «Өңірлік жұмыспен қамту жол картасы» шеңберінде ұлттық жобалар бойынша 217 жұмыс орындарын құру жоспарланып, 226 адам уақытша жұмыспен қамтылды. Әлеуметтік жұмыс орнына 65 адам, жастар тәжірибесіне 302 адам, ақылы қоғамдық жұмысқа 1051 адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 19 адам, «Ұрпақтар келісім шарты» жобасына 2 адам, «Күміс жас» жобасына 46 адам жолданды. Сонымен бірге мемлекеттік қайтарымсыз грантты 147 адам алды. Бос жұмыс орындары 1644-ке жоспарланып, 1962-ге орындалды. 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын құру бойынша 789 адам жұмысқа орналасты. Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан кейін 28 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастырғаннан кейін тұрақты жұмысқа орналастырылған адамдардың үлесі 80,6 пайызға орындалды. Ал, субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысатын кәсіпорындар құрамындағы жеке сектордың үлесі артығымен орындалды.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар мен probation қызметінің есебінде тұрған 41 адам жұмыс іздеуші ретінде хабарласып, тіркелді. (Оның ішінде 5 адам квота бойынша, 27 адам квотадан тыс жұмысқа жолданды, 6 адам ақылы қоғамдық жұмысқа және 3 адам қайтарымсыз грант алды.)

375 мүгедектігі бар адам жұмыс іздеуші ретінде хабарласып, тіркелді. Оның ішінде тұрақты жұмысқа 61, жастар практикасына 5, «Бастау-Бизнес» жобасымен кәсіпкерлік негізде оқығаны 44, әлеуметтік жұмыс орнына 2, ақылы қоғамдық жұмысқа 45, «Күміс жас» жобасына 3, қайтарымсыз грант 35 мүгедеке жолданды.

2024 жылы атаулы әлеуметтік көмекке 53547,0 мың теңге қаржы бөлініп, үстіміздегі жылы атаулы әлеуметтік көмекке 106 отбасының 615 мүшесіне 46326,7 мың теңге төленді.

Ал, 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушылар азайып отыр.

Бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлем 190 балаға 7199,4 мың теңге төленді. 2024 жылға еңбекке жарамды атаулы әлеуметтік көмек алушылардың жұмыспен қамту үлесі 78,3 пайызға жоспарланып,



78,7 пайызға орындалды.

2024 жылы Жеңістің 79 жылдығы мерекесіне орай Ұлы Отан соғысына қатысушылар, ҰОС мүгедектігіне теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайларына, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін КСРО-ның ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін КСРО-ның ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға, Ауған және Тәжік-Ауған соғысына қатысушыларға, Таулы-Қарабах қақтығысына қатысқан әскери қызметшілерге, Чернобыль АЭС апатының зардабын жоюға қатысушыларға, Семей ядролық сынақ полигоны салдарынан мүгедек болған 298 адамға 47368,4 мың теңге біржолғы әлеуметтік көмек қаржылай төленді.

Аудан көлемінде 2024 жылғы мүгедектігіне қатысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны 3370 адамды құрады. Міндетті гигиеналық құралдарға 2024 жылы бюджеттен 239146,0 мың теңге қаралып, 1167 адам міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, «Инвентаси» қызметіне 2024 жылы бюджеттен – 24036,0 мың теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу арқылы «Орда қайсарлары» қоғамдық бірлестігі жеңілпаз атанып, келісім-шарт жасалды және бүгінгі күні 17625,1 мың теңгесі игеріліп, 12 инвентаси көлігімен аудан бойынша 131 мүгедектігі бар адамдарға тұрақты түрде қызмет көрсетіліп келеді.

Мүгедек балаларға күндізгі жартылай стационарлық жағдайдағы оңалту орталығында арнайы қызмет көрсету бойынша бюджеттен 21440,0 мың теңге қаржы қаралып, «Шапағат» мүгедек балаларды сауықтандыру орталығы арқылы 16 балаға қызмет көрсетілді.

Бұдан бөлек, жүріп – тұруы қиын I топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің қызметіне

2024 жылы бюджеттен 303415,0 мың теңге қаралып, 205 жеке көмекшінің қызметіне толық ақы төленді (әр жеке көмекшіге толық 31 күнге 109903 теңге көлемінде қызмет ақы).

Сондай-ақ, ымдау тілі маманының қызметіне бюджеттен 3625,0 мың теңге қаржы қаралып, аудан бойынша 12 есіту мүгедектігі бар адамдар ымдау тілі маманының қызметіне жүгінеді және 1 ымдау тілі маманының қызметіне толық ақы төленуде.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін инфрақұрылымды жақсарту бағытында аудан бойынша 2024 жылғы 23 объекті бекітіліп, интерактивті картаға 23 нысан толығымен енгізілді.

2024 жылы 25 қазан -Республика күніне орай облыс бойынша барлық санаттағы мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға 3 АЕК мөлшерінде бір реттік әлеуметтік көмек беруге облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, (36783,0 мың теңге.), бүгінгі күні 36300,0 мың теңгеге адамға төлем жүргізілді.

Аудан бойынша жұмыс іздеуші ретінде 12956 адам хабарласып, оның ішінде жұмысқа орналасқаны 3447, (тұрақты жұмысқа 1962 адам, белсенді шараларға 1485 адам),-деді баяндама жасаған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Совет Бабанаев.

Одан соң Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығының директоры Н.Сералиев «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» баяндады.

-2023 жылдың шілде айынан бастап Қазалы ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанынан Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығы ашылды,-деп бастады баяндамасын орталық директоры Н.Сералиев.- Негізі, орталықтың мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған жандарды дер кезінде анықтап, оларға әлеуметтік, психологиялық-заңгерлік көмектер береді және де зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға бір айға

дейінгі мерзімде уақытша тұру мүмкіндігін қарастырады.

Қазіргі таңда, орталық «Белсенді-ұзақ өмір терапиясы», «Арт-терапия», «Шаштараз», «Тігін», «Дағдарыс бөлмесі» және құқықтық, психологиялық, әлеуметтік көмек және бейімдеу қызметтерін көрсетеді. Орталықта отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған жандарға уақытша көмек көрсету мақсатында 3 орындық төсек-жабықпен қамтамасыз етілген.

Жыл басынан бері орталық мамандарының ұйымдастыруымен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 48 іс-шара және құзырлы орган қызметкерлерімен бірлесіп, аудан тұрғындарымен 29 кездесу ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, орталық ғимаратында жеке кәсіпкерлердің демеушілігімен «Кондитер», «Шаштараз», «Тігін» курстары ұйымдастырылып, оған 29 адам қатысып, тиісті сертификаттары табысталды.

Орталықта әр аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері әлеуметтік мамандармен бірлесіп, мүмкіндігі шектеулі балаларға әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. «Мүгедектер қоғамы» ұйымының ұйымдастыруымен әр аптаның сәрсенбі күні мүмкіндігі шектеулі жастар арасында іс-шаралар өткізілуде.

Сонымен қатар, аудан тұрғындарына психологиялық-заңгерлік кеңестер беру мақсатында «Ашық есік күні» акциясы тоқсанына 1 рет ұйымдастырылып, нәтижесінде 82 азамат (азаматша) қамтылып, олар өздеріне қажетті кеңестерін алған.

Бұдан бөлек, жыл басынан бері орталық директоры 52 азаматты (азаматша) жеке сұрақтарымен қабылдап, оларға заңнамаға сәйкес тиісті жауаптар берілді. Оның ішінде, 23 азаматқа (азаматша) құжаттарын рәсімдеуге, 9 азаматқа өз кәсібін ашуға, 6 азаматқа тұрақты және уақытша жұмысқа орналасуға көмек берілген. 14 азамат басқа мәселемен қабылданып, тиісті шешім қабылданды.

Өткен жылы республика көлемінде «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы бастау алып, ауданымызда түрлі ауқымды шаралар өткізілді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң – біздің қоғамды демократияландыру бағытындағы тағы бір қадам болып табылады және әйелдер мен балалардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғауға тың серпін береді деп сенеміз.

Брифингте сала басшылары БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалдарына жауап берді.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ЕГЕР СІЗ САТУШЫҒА АЛДАНЫП ҚАЛСАҢЫЗ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қазіргі әлемде тұтынушылардың құқықтары барған сайын өзекті бола түсуде. Әрқайсымыз кем дегенде бір рет сатып алу үмітті ақтамаған немесе сатушы ашық немесе жасырын түрде жаңылыстыратын жағдайға тап болдық.

Егер сіз өнімнің тұтынушылық қасиетіне немесе сапасына қатысты алданып, өлшеп, есептеп, жаңылысқан болсаңыз, онда сізді алдаған адам ҚР ӘҚБТК-нің 190-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Жеке тұлғаларға – 10, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 30, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салу көзделген.

Мұндай істерді Қазақстан Республикасы ӘҚБТК-нің 685-бабының 1-бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының

ішкі істер органдары қарайды.

Өнімді сатып алу кезінде алданып қалмау үшін сізге сатып алынатын өнімнің (жұмыстың, қызметтің) сапасын, толықтығын, салмағын, көлемін, санын, мөлшерін тексеру ұсынылады, мүлктік тексерулер жүргізу немесе оның дұрыс және қауіпсіз екендігін көрсетуді талап ету ұсынылады. Тауарды пайдалану, егер бұл тауардың сипатына байланысты алынып тасталмаса, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес мұны жасауға толық құқығыңыз бар.

**Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігінің
Қызылорда облысы бойынша сауда
және тұтынушылардың
құқықтарын қорғау
департаменті**

КАК БЫТЬ ЕСЛИ ВАС ОБМАНУЛ ПРОДАВЕЦ?

В современном мире потребительские права становятся всё более актуальными. Каждый из нас хотя бы раз сталкивался с ситуацией, когда покупка не оправдывала ожиданий, или же продавец явно или скрытно вводил в заблуждение.

Если вас обманули, обвесили, обмерили, обсчитали, ввели в заблуждение относительно потребительских свойств или качества товара то лицо обманувшее Вас можно привлечь к административной ответственности по части 1 статьи 190 КоАП, согласно которой предусмотрен штраф на физических лиц — в размере 10, на субъектов малого предпринимательства — в размере 20, на субъектов среднего предприни-

мательства – в размере 30, на субъектов крупного предпринимательства – в размере 50 МРП.

Такие дела согласно части 1 статьи 685 КоАП РК рассматриваются органами внутренних дел РК.

Для того, что бы вас не обманули при покупке товара Вам рекомендует-ся проверять качество, комплектность, вес, объем, количество, размер приобретаемого товара (работы, услуг), проводить проверки свойств или требовать проводить демонстрацию правильного и безопасного использования товара, если это не исключено виду характера товара, так как на это вы имеете полное право в соответствии со статьей 13 Закона РК «О защите прав потребителей».

ҚАНДАСТАР МЕН ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУДЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ӨҢІРЛІК КВОТАСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №511 бұйрығына сәйкес қандастар мен қоныс аударушыларға, бір облыстан басқа облысқа қоныс аударушыларға төмендегідей квота бөлінді.

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген адамдарға мемлекеттік қолдау шарасы көрсетілетін болады, атап айтқанда;

-көшуге субсидиялар - отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (275 240 теңге) бойынша біржолғы төлем.

-12 ай ішінде бір отбасына 15-тен 30 АЕК-ке (58 980-117 960 теңге аралығы) дейін төленетін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу

бойынша шығыстарды жабу үшін субсидиялар (адам санына байланысты).

-қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдама;

-жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу.

-тұрғын үй сатып алуға экономикалық мобильділік сертификаттарын беру (тұрғын үй құнының 50 %).

Толық мағлұмат алу үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Байланыс телефоны: 23-2-62) немесе Қазалы ауданының мансап орталығының мамандарынан алуға (Байланыс телефоны 21-9-75) немесе Enbek.kz сайты арқылы өтінім беруге болады.

**Аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі**

р/с	Облыстардың атауы	Қандастар	Қоныс аударушылар	6	Солтүстік Қазақстан облысы	175	2969
1	Абай облысы	244	255	7	Ұлытау облысы	-	125
2	Ақмола облысы	285	-	8	Шығыс Қазақстан облысы	269	372
3	Қарағанды облысы	-	38	9	Атырау облысы	100	-
4	Қостанай облысы	150	535	10	Батыс Қазақстан облысы	30	-
5	Павлодар облысы	1056	3050		Барлығы	2309	7344

**ЖЕЛШЕШЕК АУРУЫНЫҢ
АЛДЫН АЛУ**

Желшешек - адамнан адамға жұғатын, ауа тамшысы арқылы берілетін, бүкіл денеде ноқатты бөртпесімен көрінетін, ең кең таралған жұқпалы ауру.

Желшешек ауруының көзі - тек қана науқас адам. Аурудың жасырын кезеңінің ұзақтығы 10 күннен 21 күнге дейін созылады, орташа 13-17 күн. Ауру адам айналасына инкубациялық кезеңнің соңғы күндерінен бастап, бөртпе кезеңінің барлығында қауіпті. Қауіптілік кезеңі соңғы бөртпе пайда болғаннан кейін 3-5-ші күні аяқталады.

Желшешекпен барлық жастағы адам ауыра береді, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар жиі ауырады. Оның басты себебі, аурудың жоғары жұқпалылығына байланысты, адамдардың басым көпшілігі бала жаста ауырады. Ауырғандарда тұрақты иммунитет қалыптасып, қайтадан ауырмайды.

Аурудың кең таралуының бірден-бір себебі аурудың жоғары жұқпалылығы. Ауруға 75-90 пайызға дейін 15 жасқа дейінгі балалар шалдығады. Олардың 80 пайызы мектеп жасына дейінгі балалар. Балалар мекемелеріндегі сәбилер басқаларға қарағанда жиі ауырады. Ауруға шалдығу жылдың суық кезеңінде ең жоғары деңгейде болады.

Ауру қоздырғышы-вирус адам ағзасына жоғарғы тыныс жолдары арқылы енеді, ауру адам жөтелгенде, түшкіргенде ауа арқылы адамнан адамға жұғады.

Аурудың клиникалық белгілері: жедел басталады, дене қызуы 38,0С-қа дейін көтеріліп, адам әлсірейді, Бет терісінде, бастың шашты бөлігінде, шырышты қабықтарда, денеде 2-4 мм көлемде болатын қызыл дақ пайда болып, бірнеше сағаттардан кейін сол дақтардың орны күлбірей суланып, нүктелі сулы бөртпелерге айналады, 1-2 күннен кейін олардың сырты қабыршақтанады да, із қалдырмай, түсіп қалады. Бөртпелер қатты қышиды. Әрбір бөртпе шыққан сайын дене қызуы көтеріліп, баланың хал-ахуалы бұзылады. Бөртпелерді қасу мен қабыршақтарын сыдыру-жарақаттарға жұқпа түсіп, олардың іріңдеуіне әкеліп соғады.

Желшешектің қоздырғышы қоршаған ортада тез өледі, әсіресе жоғарғы температураға төзімсіз, 50-52 0С температурада 30 минуттың ішінде жойылады.

Желшешектің алғашқы бөртпелері көрініп, ең соңғы қабыршағы түскенге дейін науқас бала айналасындағы балалар үшін қауіпті. Сондықтан бала ауырғанда дәрігерді үйге шақыру керек. Науқас бала үйде емделеді және басқа балалардан бөлек күтімге алынып, сау балалармен қарым-қатынас жасамауға тиіс. Науқас баланың төсек-орнын, киімдерін жиі ауыстырып, денесінің таза болуына көп көңіл бөлген жөн.

Алдын алу шаралары:

Жұқпамен негізінен мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар ауыратындықтан, балалар мекемелерінде індетке қарсы тәртіпті сақтау мен жүргізуге баса назар аударылады. Ең бастысы балалар ұжымына ауру көзін енгізбеу, яғни таңертеңгілік сүзгі жұмысын сапалы жүргізу, сұрау, дене қызуын өлшеу керек.

Желшешекпен науқастанған адам ауырған сәтінен бастап науқаспен жақын байланыста болған адамдар 21 күн медициналық бақылауға алынып, дәрігер тексеруінен өтеді. Үй-жайларда күнделікті ылғалды жуып-шаю жұмыстары жүргізіліп, желдетіледі.

Жоғарыда көрсетілген белгілерінің бірі Сізде немесе жанұя мүшелеріңізде байқалса, тез арада дәрігерлік көмекке жүгінгеніңіз дұрыс.

**Саракүл ШҮКІРАЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының бас маманы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.